

**«Тегін тамақты ұйымдастырудың сапасы» туралы  
АНЫҚТАМА**

**Тақырыбы:** Тегін тамақты ұйымдастырудың сапасы

**Бақылау мақсаты:** Оқушыларды тегін тамақпен қамтамасыз ету процесінің сапасын анықтау, санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуын бақылау, тағамның сапасы мен қауіпсіздігін бағалау, сондай-ақ оқушылардың тамақтануға қанағаттану деңгейін анықтау.

**Бақылау түрі:** ағымдық

**Орындау мерзімі:** ақпан

2026 жылғы 4 ақпан күні оқушыларға тегін тамақтандырудың ұйымдастырылу сапасына мониторинг жүргізілді. Тегін тамақпен 1–4 сынып оқушылары және 5–10 сыныптағы әлеуметтік санаттағы 33 оқушы қамтылған. Оқушылардың тамақтану уақыты белгіленген кестеге сәйкес жүргізіледі:

- 09:35–09:45 — таңғы ас;
- 10:30–10:45 — түскі ас.

Асханадағы санитарлық-гигиеналық жағдай барлық талаптарға сәйкес келеді. Тамақтандыру процесіне мектептің медициналық қызметкері, әлеуметтік педагог және бастауыш сыныптар бойынша оқу ісі жөніндегі орынбасары бақылау жүргізеді. Тағамның температуралық режимі сақталған:

- таңғы ас — 65°C;
- түскі ас — 75°C.

Асхана қызметкерлерінің медициналық кітапшалары толық және жарамды. Тамақтандыру бойынша қажетті құжаттама жүргізіледі. 2026 жылғы 4 ақпан күні бракераж комиссиясының актісі жасалып, тағам сапасына қатысты ешқандай ескертулер мен ұсыныстар анықталған жоқ. Оқушылардың тамақ сапасына қанағаттану деңгейі жақсы.

Қорытындылай келе, мектепте тегін тамақтандыруды ұйымдастыру талаптарға сәйкес, сапалы деңгейде жүзеге асырылуда.

**Әлеуметтік педагог:**



Кендірбай С.М